

**Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы бойынша
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы**

Хаттамасы №5

Махамбет ауылы

« 31 » мамыр 2023ж

Қатысқандар:

Ж.Отарғалиева - қамқоршылық кеңес төрағасы;
А.Дүйсембаева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Г.Утебалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
А.Уразалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Ж.Аруева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Б.Сүйеуова - қамқоршылық кеңес мүшесі;
О.Джалмуханова - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Б.Себекбаева - хатшы
Н.Балтабаева - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
М.Тулешова - мектептің әлеуметтік педагогы;

Күн тәртібінде:

1. Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясынан Ақтау қаласындағы «Айналайын» балалар лагеріне демалатын оқушылардың тізімін шығару. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.Отарғалиева Махамбет аудандық білім бөлімінің 30.05.2023 жылғы №143 санды хатына сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру мақсатында жиналып отырғанын айтты. Әр лагерь бойынша оқушы бөлінісі аудандық білім бөлімінен сандық көрсеткішпен келіп отыр. Соған сәйкес қамтылу болу керек. Бұл ақпаратпен мектеп әкімшілігі, ата-аналар және оқушыларға хабарламалар жеткізілгендігі туралы назарларыңызға беремін.

Н.Балтабаева: Бұл лагерлерге әлеуметтік осал топтағы оқушылар қамтылуы тиіс. Мектеп бойынша толық емес отбасынан – 11, аз қамтылған отбасынан – 96, көп балалы отбасынан– 142 оқушы бар. Соған сәйкес әлеуметтік осал топ оқушыларын ұсынамыз: Д.Ұзаққали, Э.Аралбай, Д.Сауық, А.Қамидолла – аз қамтылған отбасынан шыққан және толық емес отбасынан шыққан М.Болат. Мектеп бойынша жасақталған тізімге сәйкес мектеп әкімшілігі осы оқушылардың өз деңгейінде қатыстырылуын ұйымдастыруға сенім білдіреміз.

А.Дүйсембаева: 2023 жылдың «Айналайын» балалар лагеріне 4 кезеңге 7 оқушы сұрап отыр, сонымен қатар назарларыңызға жақсы білім көрсеткішін көрсетіп жүрген, оқу озаты және әлеуметтік осал топтағы оқушыларды атап өткім келеді: Қ.Орынбасар және Б.Томанов.